


Сабақтың тақырыбы:

*“Адамның рухани
саулығы”*



Құндылық: СҮЙІСПЕНШІЛІК

**Қасиеттер: Жауапкершілік,
адалдық, адамгершілік**

Сабак мақсаты:

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АДАНЫҢ РУХАНИ
БАЙЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРЕ ОТЫРЫП,
СҮЙІСПЕНШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ
МӘНІН АШУ.**



Дәйексөз.

*Арлы адам – ең күшті адам.
Ол өткінші бақыттың,
өткінші қайғының ырқына
мойынсұнбайды.*

Әбіш Кекілбаев

Дәйексөзді қалай түсінесіздер?





- *Әбіш Кекілбайұлы 6 желтоқсан 1939 жылы Маңғыстау облысының Оңды ауылында дүниеге келген*
- *Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері*
- *Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996-2002)*
- *Парламент Сенатының депутаты (2002-2015)*
- *2015 жылдың 11 желтоқсан күні Астана қаласында дүниеден озған*



Әңгімелеу.

**Адамның рухани саулығы
туралы әңгімелеу.**

Бейнетаспа ұсыну.



Ойланайық, пікірлесейік

1. ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАНДЫ, АҚИҚАТ ПЕН ЖАЛҒАНДЫ АЖЫРАТА БІЛУ ҮШІН АДАМҒА ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ҚАСИЕТ ҚАЖЕТ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗДАР?

2. АДАМ РУХАНИ ЖЕТІЛУ ҮШІН НЕГЕ БАСА КӨҢІЛ БӨЛУІ КЕРЕК? НЕЛІКТЕН?



Шығармашылық жұмыс

1-тапсырма

Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырың. Әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыз.

Ұғым Анықтамалары

1. Руханилық

2. Рухани дүние

3. Рухани даму

4. Рухани қасиеттер

а) Адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет етуі.

ә) Рухани, адамгершілік және интеллектуалды қызығушылықтардың материалдықтан басым түсуі, адам жанының тазалығы.

б) Әдеп, адамгершілік нормаларына сәйкес келетін адам мінезінің қасиеттері. Көркем мінез.

в) Өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіну және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру.



Шығармашылық жұмыс

2-тапсырма Айналаңызда өзіңіз «рухани бай адам» деп санайтын жақындарыңыз бен таныстарыңыздан «рухани бай адам болудың сыры» тақырыбында әңгімелесіңіз. Ойыңызды қысқаша жазыңыз.

3-тапсырма Төменде берілген сөздер мен сөзтіркестерін пайдаланып рухани бай адамның портретін жасаңыз.

Тиісті сөздер мен сөзтіркестері: кіршіксіз, мінсіз, қалтқысыз, әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды, бай, жаны әсем, адамгершілігі жетілген, ержүрек, саналы, ізгі, беделді, борыш, міндет, парызына адал.



Үй тапсырмасы

“Болашаққа бағдар: рухани
жаңғыру”

үзінді

Н.Назарбаев

Оқулықтан 68-75 беттерді оқу.



Сабақтың қорытынды сәті

Адамның таза ақылы, ақ жүрегі, мейірімі, ынсабы басын қосса, адам баласы дұрыс өмір сүрмек. Бұл қасиеттер біріксе, “өзімшілдік”, “мансапқорлық”, “мақтан”, “өтірік”, “зорлық”, “мейірімсіздік”, “қараниеттілік” деген қылықтарға орын қалмайды. “Бұл қашан болады?” – дегенде адамзат баласының санасы өсіп, дамып келеді. Аң заман, ағаш заман, тас заманнан өтіп, бүгінгі қоғам қандай өскен болса, ертеңгі болашақ бүгінгіден де жарқын болады. Адам санасы өскен сайын таза адамдар көбейеді, жаман әдет қала береді, әділет үсемдік алады.

